

Г.С. Каримова<sup>1\*</sup>, П.З. Ишанов<sup>1</sup>, А.Ж. Анесова<sup>2</sup><sup>1</sup> «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ, Қарағанды, Қазақстан;<sup>2</sup> «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан

(\*Хат-хабарға арналған автор. E-mail: gulim\_3105@mail.ru)

ORCID0000 – 0002 – 7113 – 4159

## Цифрлық оқу контенттері негізінде бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру

Авторлар білім беру жүйесін цифрлық трансформациялау және бастауыш сынып оқушыларына шетел тілін үйрету үшін сапалы цифрлық контент құру мәселелерін зерттеген. COVID-19 пандемиясы кезеңінде білім беруді цифрлық трансформациялау және қашықтықтан оқыту нысанына мәжбүрлі көшу контекстінде осы зерттеудің авторлары цифрлық оқу мазмұны оқушыларды ҚР-да ағылшын тілін оқытудың тиімді құралы болып табылатынын ғылыми-әдістемелік негіздеді. Авторлардың әзірлеген оқу кешенінің негізгі артықшылығы — ол онлайн форматқа да, офлайн оқыту форматына да бейімделген. Жүргізілген талдау қазақстандық оқушылардың жас, психологиялық, сондай-ақ рухани-адамгершілік ерекшеліктері мен мәдени құндылықтарын ескеретін цифрлық білім беру контентінің сандық және сапалық жеткіліксіздігін көрсетеді. Зерттеудің жаңалығы — ғылыми-теориялық тұрғыдан ҚР-да білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында цифрлық оқу контенттерін құру қажеттілігі негізделген. Зерттеудің мақсаты — бастауыш сынып оқушыларының цифрлық және шет тілдік коммуникативтік құзыреттілігін, баланың эмоционалды-құндылық даму деңгейін қалыптастыру, сондай-ақ ағылшын тілі бойынша әзірленген оқу кешенінің тиімділігін анықтау болып табылады. Зерттеу психологиялық-педагогикалық эксперимент әдісімен жүргізілді, бастауыш сынып оқушыларын тестілеу, педагогикалық бақылау, сондай-ақ зерттеушінің ағылшын тілін тікелей оқыту нәтижесінде алынған эмпирикалық материал талданып, жинақталды.

*Кілт сөздер:* білім беруді цифрландыру, білім беруді трансформациялау, цифрлық оқу мазмұны, бастауыш мектеп, шетел тілдері.

### Кіріспе

Қазақстанның Болон процесіне кіруі, әлемнің түрлі елдерінің жаһандану және экономикалық ықпалдасу процесі, сондай-ақ Қазақстанның ашық білім беру кеңістігіне кірігу саясаты шетелдік те, отандық та педагогикалық ғылымда өзекті болып табылатын білім беруге құзыреттілік тұғырына негізделіп, жаңа білім беру моделіне ауқымды көшуге алып келді.

COVID-19 пандемиясы 190-нан астам елде және барлық континенттерде 1,6 миллиардқа жуық оқушыға әсер еткен білім беру жүйесінің жұмысындағы ең үлкен сәтсіздікке әкелді. Мектептер мен басқа да білім беру мекемелерінің жабылуы әлемдік оқушылар контингентінің 94 пайызын, табысы төмен және орташа елдерде бұл көрсеткіш 99 пайызды құрады.

Дегенмен коронавирус пандемиясымен байланысты дағдарыс білім беру саласындағы инновацияны ынталандырғанын да атап өткен жөн. Білім берудің үздіксіздік процесін қамтамасыз ету үшін радио және телетрансляциялардан бастап, үйде зерделеу үшін материалдар жиынтығын ұсынуға дейінгі жаңашыл тәсілдер қолданылды. Бүкіл әлемдегі мемлекеттер мен серіктестер, соның ішінде ЮНЕСКО қамқорлығындағы жаһандық білім беру коалициясы аясында үздіксіз оқу процесін ұйымдастыру үшін қабылданған жедел әрекет ету шараларының арқасында қашықтықтан оқыту шешімдері жасалды.

В.Л. Назаровтың ойынша, білім беруді цифрландыру — әлемдік әлеуметтік, экономикалық, индустриялық, әсіресе білім беру жүйесінің өзекті тренді. Пандемия кезінде әлемнің көптеген дамыған елдеріндегідей, Қазақстанда да білім беру негізінен әртүрлі цифрлық құралдар арқылы іске асырылып, қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу жүзеге асырылды. Аталмыш қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу білім беру саласындағы бірқатар бағдарламалық құжаттардың стратегиялық мақсаты ретінде белгіленген цифрлық трансформацияны қарқындатуға себеп болып қана қоймай, сонымен қатар білім саласындағы реформалардың нәтижелерін тексеруге мүмкіндік берді [1].

Бірақ сонымен бірге қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу Қазақстан үшін ғана емес, әлемнің көптеген басқа елдері үшін де өзекті бірқатар проблемаларды айқындай түсті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Коронавирус індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Бұл білім берудің әдістемесі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуде. Ашығын айтқанда, әлі күнге дейін нақты бір онлайн-платформа жоқ. Толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет. Қашықтықтан оқытуға көшудің маңызды құралдарының бірі — электронды оқулықтар», – деді [2].

Осыған орай оқушылардың өзіндік жұмыс көлемін ұлғайту қажеттілігі мен мектепте шетел тілінде білім беру саласындағы қазіргі заманғы жоғары талаптарды ескеретін ағылшын тілі бойынша цифрлық оқыту контентінің жеткіліксіздігі байқалауда.

Тіл әлемді танудың, басқа халықтардың құндылықтарымен танысудың құралы. Қазіргі уақытта шетел тілін ерте үйренуге деген қызығушылық артып келеді. М.З. Биболетованың ойынша, қазіргі кезеңде шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты — шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, яғни тіл иелерімен шетел тілінде коммуникативтік қарым-қатынасты жүзеге асыруға қабілеттілік пен дайындық. Ал екінші мақсаты оқушыларды оқытылатын тіл елінің мәдениетіне тарту болып табылады. Өз кезегінде, бұл балаға өз елінің мәдениетін жақсы ұғыну мен түсінуге көмектесіп, мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде өз елінің мәдениетін таныстыра білуге үйретеді. Сонымен қатар, шетел тілін ерте жастан бастап оқыту балаларды өзге тіл иелерімен қарапайым деңгейде коммуникативтік қарым-қатынасты жүзеге асыруға үйретеді. Сарапшылардың пікірінше, ерте жастағы балалардың тілді меңгеруінің табиғи механизмінің икемділігі, имитациялық қабілеттері, жаңа нәрсені үйренуге деген табиғи қызығушылық пен қажеттілік, сондай-ақ «тілдік тосқауылдың» болмауы шетел тілін оқыту барысында пайда болатын мәселелерді тиімді шешуге ықпал етеді.

Ал шетел тілін цифрлық технологиялардың көмегімен оқыту — заман талабы. Оған дәлел бір жағынан, 2020 жылы басталған COVID-19 пандемиясының кесірінен қашықтықтан оқу формасына көшу болса, екінші жағынан әлемде және Қазақстанда білім беруді цифрландыру процесінің қарқыны мен маңыздылығы.

Сонымен қатар мәселенің шешімін табу мақсатында «Padlet», «Trello», «Nearpod» және т.б. халықаралық платформалардың, сол сияқты «Еркетай», «Ұстаз білімі», «Білім ал» атты қазақстандық платформалардың контент-анализін жасадық. Бұл платформалар бастауыш сынып оқушыларына арналған оқыту контентін жасауға арналған платформалар болып табылады. Аталмыш контент анализ барысында ағылшын тілі мұғалімдері үшін әсіресе пайдалы болатын интернет-ресурстар талданды. Осы талдау нәтижесінде біз цифрлық білім беру контентінің сандық және сапалық жеткіліксіздігін анықтадық, бұл өз кезегінде қазақстандық оқушылардың психологиялық, жас және рухани-адамгершілік, мәдени ерекшеліктерін ескеретін қазақстандық авторлар жасаған цифрлық оқыту өнімдерін жасаудың қажеттілігі мен өзектілігін тағы да дәлелдейді. Қазақстандық оқыту сайттарының функционалдығы жағынан да, контенттің өзектілігі тұрғысынан да шектелуі байқалады.

Бұл мәселенің шешімін іздеу біздің зерттеуіміздің мақсатын бастауыш сынып оқушыларының цифрлық және шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін, баланың эмоционалды-құндылық даму деңгейін қалыптастыру, сондай-ақ ағылшын тілі бойынша әзірленген интерактивті тапсырмалардың тиімділігін анықтау болып табылады.

### *Әдеби шолу*

Білім берудің цифрлық технологияларына көшу, оларды әзірлеуге жағдай жасау, оқытудың жаңа және дәстүрлі әдістерінің үйлесімін енгізу психологиялық-педагогикалық, оқу-әдістемелік және басқа да проблемалардың біртұтас кешендерін шешуді талап етеді [3].

Осы ретте біз Nijazova et al. «білім берудің цифрлық трансформациясы бұл — цифрлық технологиялардың педагогикалық әлеуетін толыққанды қолдануға негізделген әдістемелік жүйенің трансформациясы», - деген ойымен келісеміз [3].

Sari et al. ойынша қазіргі таңда оқушылар цифрлық технологияларды оқу процесінде белсенді пайдалануда [4]. Сонымен қатар, Sari et al. пікірінше бүгінгі уақытта оқушылардың цифрлық технологияларды қолдануға ынтасы зор, білім алу барысында цифрлық технологияларды қолдануға қызығушылықпен, зор ынтамен қарайды. Сондықтан да, оқушылардың цифрлық құзыреттілігін дамыту болашақта олардың алған білімінің экономикалық қайтарымын еселендіре алады, ал қазір олардың цифрлық құзыреттілігінің дамуына қажетті көңіл бөлмеу оқушылардың білімінің сапасын төмендетіп, болашақта оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетуі әбден мүмкін.

Сондықтан да, қазақстандық орта білім беру жүйесінде цифрлық оқыту контенттердің, цифрлық технологиялардың педагогикалық әлеуетін толыққанды қолданып, цифрлық технологиялар әлеміндегі болып жатқан күнделікті өзгерістер мен жаңалықтардан кемде қалмаған абзал.

Осы ретте, қазақстандық орта білім жүйесі үшін цифрлық оқыту контентін әзірлеу мен білім беру әдістемесін заман талабына сай өзгерту мен жаңалау мәселесі өте өзекті болып табылады.

Білім беруді цифрлық трансформациялау мәселесі Қазақстанның да, бүкіл әлемнің де педагогикалық ортасында қызу талқыланып жүрген мәселелердің бірі. Сондықтан бұл мәселе бойынша әр түрлі аспектілі, жан-жақты мысалдар аз емес.

Мәселен, Chin et al. өз зерттеулерінде оқыту процесінде видео контентті қолдана отырып, топтық жұмысты ұйымдастыру оқушылардың үлгеріміне, когнитивтік мінез-құлқына, сабақ үстіндегі өзін-өзі ұстау қабілетіне әсерін зерттеген. Олардың ойынша, сабақ барысында видео-контентпен сабақтасқан цифрлық ойындарды қолдану оқушылардың үлгерімін жоғарылатып, оқуға деген мотивациясын арттырады [5].

Flynn et al. цифрлық ойындардың оқушыларды оқыту мен тануға әсерін зерттеу үшін қолданылатын әдістерді сипаттады. Жалпы, Flynn et al. баяндамасының шолуының мақсаты академиялық мазмұнды зерттеуді және жалпы когнитивті дағдыларды жақсартуға алатын бала мен компьютер арасындағы өзара әрекеттесудің маңызды элементі ретінде әртүрлі пәндер бойынша цифрлық ойындарды пайдалануға қатысты зерттеулерді біріктіру болды. Авторлар мұғалімдер сабақтарда цифрлық ойын мүмкіндіктерін белсенді пайдалану керек деген қорытындыға келді, өйткені цифрлық ойындар балалардың күнделікті іс-әрекетінің ажырамас бөлігіне айналуға [6].

Baryshnikov et al. білім беруді цифрландырудың оң және теріс жақтарын, артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастырды. Baryshnikov et al. ойынша, цифрлық технологиялар оқытудың өте тиімді құралы болып табылғанымен, бірақ олар мұғалімді ауыстыруға арналмаған. Baryshnikov et al. өз зерттеуінде инновацияны ынталандыратын және жаңа тәжірибеге, жаңа ашылуларға және оқыту мен бірлесіп жұмыс істеудің жаңа тәсілдеріне жол ашатын икемді оқу ортасын құруды ұсынады [7].

Сондықтан да орта білім беру жүйесі әрдайым цифрлық технологиялардың педагогикалық әлеуетін толыққанды қолдануға, технологиялық жаңалықтардан кемде қалмауға, цифрлық жаңашылдықтарды енгізуде пайда болуы мүмкін ақаулар мен проблемалардың алдын алуға тырысуы абзал.

Осы орайда, қазақстандық білім беру жүйесі алдында сапалы оқыту контентін әзірлеудің әдістемесін жаңартып, оқушыларға сапалы цифрлық оқыту контентін ұсыну мәселесі өте өзекті болып тұр.

Осылайша, зерттелетін мәселені талдауға арналған материалдарға шағын экскурстың өзі білім беруді цифрлық трансформациясы процесі қазір бүкіл әлемде бұрынғыдан да өзекті болып тұрғанын көрсетеді. Әрбір зерттеуші бұл мәселені әртүрлі қырынан қарастырады, бірақ барлық зерттеушілер цифрлық оқыту мазмұны мен білім беруді цифрландыру қазіргі білім берудің ажырамас бөлігі болып табылатынына келіседі.

#### *Материалдар мен әдістер*

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау және зерттеу; озық педагогикалық тәжірибені талдау және жалпылау; нормативтік және оқу-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу, талдау және жалпылау; Интернет желісінің ақпараттық ресурстарын талдау; бастауыш сынып оқушыларының іс-әрекетінің өнімдерін талдау; сауалнама жүргізу; тестілеу; әңгімелесу; байқау; модельдеу; педагогикалық эксперимент; эксперименттік деректердің сапалық және сандық талдауы; зерттеу нәтижелерін математикалық өңдеу әдістері және т.б.

Біз әзірлеген оқу кешенінің тиімділігін анықтау үшін зерттеуде психологиялық-педагогикалық эксперимент әдісі қолданылды, өйткені бастауыш мектеп жасындағы балалардың шетел тілдерін меңгеру ерекшеліктері оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктерін және осы ерекшеліктерге сәйкес оқыту стратегиясын таңдаумен, мақсаттарды, міндеттерді анықтаумен, анықтаушы эксперимент сатысында оқытудың мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін таңдаумен анықталды, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының тестілеу және әңгімелесу қорытындылары бойынша алынған эмпирикалық материал талданды және жинақталды. Алынған деректер Skibickij&Egorov–тың математикалық–статистикалық формуласы арқылы өңделді [8].

$$K_y = \frac{N_1}{N} \times 100$$

Мұнда:

$K_y$  – материалды меңгеру;

$N_1$  – дұрыс жауаптар саны;  
 $N$  – сұрақтар саны.

### Зерттеу гипотезасы

Егер зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық негіздері анықталса және ағылшын тілі бойынша авторлық кешен әзірленсе, оның тиімділігі оқу процесінде оны іске асыру әдістемесін практикаға енгізумен дәлелденсе, онда бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігі артады, өйткені оқу кешенін практикаға енгізудің әдістемесін жүзеге асыру оқушылардың шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытады.

### Зерттеудің нәтижелері мен оларды талқылау

Зерттеудің гипотезасын тексеру мақсатында біз халықаралық және қазақстандық цифрлық оқыту контенттері бар платформалардың контент анализін жасадық. Әсіресе бастауыш мектептегі ағылшын тілі мұғалімдері үшін пайдалы болатын интернет-ресурстар талданды. Осының негізінде 1-кестеде цифрлық оқыту контентін құрудағы негізгі халықаралық онлайн платформалардың мүмкіндіктері қарастырылған.

1 - кесте

### Цифрлық оқыту мазмұнын құрудағы негізгі халықаралық онлайн платформалардың мүмкіндіктері

№	Онлайн платформа-ның атауы	Мүмкіндіктері	Дереккөз
1	2	3	4
1	Edpuzzle	Бұл сайт ағылшын тілінде білім алушылар үшін әдемі интерактивті бейне сабақтарын құруды жеңілдетеді. Сондай-ақ, оқушылардың үлгерімін ыңғайлы статистика арқылы бақылауға мүмкіндік береді	<a href="https://edpuzzle.com">https://edpuzzle.com</a>
2	LearningApps	Викториналар, кроссвордтар сияқты әр түрлі деңгейдегі интерактивті тапсырмаларды құруға арналған платформа	<a href="https://learningapps.org">https://learningapps.org</a>
3	Trello	Бұл сіздің жобаларыңызды басқарудың және кез келген нәрсені ұйымдастырудың қарапайым, ақысыз, икемді және көрнекі тәсілі	<a href="https://trello.com">https://trello.com</a>
4	Nearpod	Бұл бірнеше минут ішінде интерактивті сабақты табуға немесе жасауға көмектесетін оқу платформасы	<a href="https://nearpod.com">https://nearpod.com</a>
5	Classroom-screen	Платформа компьютердің жұмыс үстеліне ұқсас онлайн платформа. Экранның төменгі жағында сыныпта кез келген уақытта пайдалануға болатын құралдар белгішелері бар. Мысалы, QR коды, сурет, мәтін, бағдаршам, таймер, маркер тақтасы және т.б.	<a href="https://classroomscreen.com">https://classroomscreen.com</a>
6	Padlet	Оқу процесінде әртүрлі тәсілдермен қолдануға болатын білім алушылармен бірлесіп жұмыс істеуге арналған онлайн тақта	<a href="https://padlet.com">https://padlet.com</a>
7	Quizizz	Ойындарды, викториналарды, тесттерді және үй тапсырмаларын ұйымдастыруға және өткізуге арналған сайт. Осы платформаның көмегімен мұғалім жарыстарды ұйымдастырып, әр оқушының нәтижелерін бақылай алады	<a href="https://quizizz.com">https://quizizz.com</a>
8	DuoLingo	Шетел тілдерін үйренуге арналған геймификациялық қызмет	<a href="https://duolingo.com">https://duolingo.com</a>

Жоғарыда келтірілген онлайн платформалардың контент анализі нәтижесінде олардың барлығының бағыты бір екенін байқадық, яғни, бастауыш сынып оқушыларының шетел тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың негізі болып табылатын бастауыш мектептің педагогикалық процесіне интерактивті режимде инновациялық әдістерді енгізу үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Білім беру контентін жасауға бағытталған платформалардың мүмкіндіктерін талдау кезінде біз қазақстандық цифрлық платформаларды да қарастырдық. Осы орайда біз Г.Ж. Ниязованың мына ойымен келісеміз: «өкінішке орай, мұғалімдерге арналған қазақстандық сайттардың басым көпшілігі-дайын мәтіндік құжаттарды жариялау, танымдық ақпаратты ұсынумен шектеледі» [3] (2-кесте).

## Қазақстандық оқыту платформаларының мүмкіндіктері

№	Онлайн платформаның атауы	Мүмкіндіктері	Дереккөзі
1	«Ұстаз тілегі»	Мұғалімдердің республикалық сайты. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құжаттар, олимпиадаларға, видео сабақтар мен вебинарларға қатысу, біліктілікті арттыру	<a href="https://ust.kz">https://ust.kz</a>
2	«Еркетай»	Ата-аналар мен балаларға, балабақша тәрбиешілеріне және бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған мақалалар. Балаларға арналған онлайн ойындар	<a href="https://erketai.kz">https://erketai.kz</a>
3	Сабақтар	Қоғамдағы жаңалықтар, мұғалімдерге, тәрбиешілерге, студенттерге, оқушыларға қажетті ақпарат, әдебиет әлемі, тілектер, мерекелер және т.б.	<a href="https://www.sabaqtar.kz">https://www.sabaqtar.kz</a>
4	«Білімал»	Әдеби шығармалар, оқушылар мен мұғалімдер үшін пайдалы ақпарат	<a href="https://bilim-all.kz">https://bilim-all.kz</a>
5	«Білімал»	«Білімал» бағдарламасы ата-аналарға балаларының оқу үлгерімін қадағалауға жасалған.	<a href="https://school.bilimal.kz">https://school.bilimal.kz</a>

Контент анализ негізінде қазақстандық сайттардың функционалдық жағынан да, контенттің өзектілігі жағынан да шектеулілігі байқалды. Бұл өз кезегінде қазақстандық оқушылардың психологиялық, жас және рухани-адамгершілік ерекшеліктерін ескеретін қазақстандық авторлар жасаған цифрлық оқу контентін құрудың қажеттілігі мен өзектілігін тағы да дәлелдейді.

Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығын дәлелдеу мақсатында «Erfolg» ОО ҰМУ 3-сынып оқушыларының ағылшын тілі сабақтарына талдау жасалынды. Сонымен қатар, «Smiles» Evans & Dooley мен «Primary Colours» Hicks & Littlejohn оқулықтарына контент талдау жасалынды.

Шетел тілдерін ерте оқытудың бірқатар халықаралық әдістерін зерттей отырып, біз өз жұмысымызда жақын және алыс шетел ғалымдарының, атап айтқанда ресейлік профессор және әдіскер А.Н. Утехинаның мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына шетел тілдерін оқытудың әдістемесін іс-әрекетке негізделген тәсілге сүйенуді шештік. Осы тәсілге және педагогиканың жалпы дидактикалық принциптеріне, сондай-ақ оқытуға жеке-адамгершілік көзқарасқа сүйене отырып, біз жоғарыда аталған оқулықтарға контент анализ жасадық [9] (3-кесте).

## Қазақстанда қолданылатын ағылшын тілі оқулықтарына салыстырмалы талдау

Оқулықтар	Патриоттық сезімді тәрбиелеу	Дәстүрлі құндылықтарды құрметтеу	Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту	Сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық көзқарас	Интерактивті тапсырмалардың болуы	Шетел тілдік қарым-қатынасқа ынталандыру
Primary Colours Diana Hicks, Andrew Littlejohn	-	-	+-	+	+	+-
Smiles Virginia Evans, Jenny Dooley	+	-	+-	+	-	+-

Контент анализдің нәтижесінде аталмыш оқулықтардың мазмұнында қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік ерекшеліктері мен мәдени құндылықтарына жете көңіл бөлініп, ескерілмегеніне көз жеткіздік. Аталмыш құндылықтардың маңызы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасты біріктіруге бағытталған «Туған жер» атты арнайы жобаның маңыздылығын атап өткен. Бұл бағдарламада туған жерге, оның мәдениетіне, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне деген сүйіспеншілікпен көрсетілген патриотизм адамның мәдени-генетикалық кодының негізі болып табылатындығы ерекше атап өтілген [10]. Бұл оқулықтың авторлары шетелдік ғалымдар болғандықтан, оқулықтың мазмұны бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес келетініне қарамастан,

оқулықтың мазмұнында еліміздің мемлекеттік мерекелеріне, ұлттық құндылығына, патриотизм мен ұлтжандықты тәрбиелейтін тапсырмалар аз немесе тіптен жоқ [11]. Бұл мерекелердің маңыздылығы олардың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан өткен дәстүрлерді сақтап, рухани атмосфера құрып, балалардың жағымды рухани-адамгершілік дамуына ықпал етіп, олардың мәдениетін қалыптастыруға әсер ететіндігімен байланысты. Сондай-ақ, контент талдау барысында жоғарыда аталған оқулықтарда өткен тақырыптарды бекіту үшін материал жеткіліксіз екендігі анықталды.

Жоғарыда айтылған мәселені ескере отыра, біз «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері» мен MacromediaFlash бағдарламасы негізінде «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі бойынша интерактивті тапсырмалар жиынтығы» атты интерактивті тапсырмалар жиынтығын әзірледік. Аталмыш оқу кешені жаңа тақырыпты меңгеруге, өткен тақырыпты бекітуге, балалардың коммуникативтік және цифрлық құзыреттіліктерін дамытуға ат салысады. Аталмыш оқу кешенін әзірлеу кезінде бастауыш сынып оқушыларының психофизиологиялық ерекшеліктерін ескердік. Оған себеп, бастауыш мектеп жасындағы балалардың шетел тілдерін меңгеру ерекшеліктері оқушылардың психофизиологиялық қасиеттерімен және осы қасиеттерге сәйкес оқыту стратегиясын таңдаумен, мақсаттарды, міндеттерді анықтаумен, оқытудың мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін таңдаумен анықталады.

Бұл авторлық оқу кешені жалпы орта білім беретін мектептердің мұғалімдеріне, тілдік білім беру мәселелерімен айналысатын мамандарға, сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тіліне қосымша оқыту мақсатында, тиісті мамандықтардың орта арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.

«ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері» 18 тақырыптан тұрады және ағылшын тіліндегі лексикалық және грамматикалық материалды бекіту мен оқуға арналған тапсырмаларды қамтиды. Әр тақырып логикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінді, цифрлық және коммуникативті құзыреттілікті, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған тапсырмалардан тұрады. Өткен лексикалық материалды белсендіру, бекіту және баланың ағылшын тілінде сөйлеуін дамыту үшін авторлық мнемотехниканы қолданумен құрастырылған әңгімелер, әндер мен өлеңдер жасалды.

MacromediaFlash бағдарламасы негізінде жасалған «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі бойынша интерактивті тапсырмалар жиынтығы» жұмыс дәптерінің тақырыптарының аясында жасалып, оны толықтыруға бағытталған. Аталмыш интерактивті тапсырмалар жиынтығы геймификацияға негізделгендіктен балалардың шетел тілін оқуға деген мотивациясын арттырады деген ойдамыз. Бұл интерактивті тапсырмалар жинағын және жұмыс дәптерін іске қосу үшін Интернет желісіне қосылу қажет емес, әр оқушы кез келген гаджеттен осы интерактивті оқу кешенін оңай іске қоса алады.

### *Эксперимент*

Жоғарыда сипатталған бағдарлама мен жұмыс дәптерінің нәтижелілігін тексеру бойынша тәжірибелік эксперимент Қарағанды қаласының «Erfolg» ОО ҰМУ-да 2020 жылдың желтоқсанынан 2021 жылдың мамыр айының аралығында жүзеге асырылды. Экспериментке қатысқан балалар саны — 24. Олардың ішінде 12 бала — бақылаушы топта (БТ), тағы 12 бала — эксперименттік топта болды (ЭТ).

Эксперимент жұмысы 4 құрамдас кезеңдерден тұрды:

- 1 кезең — дайындық кезеңі
- 2 кезең — анықтаушы кезең;
- 3 кезең — қалыптастырушы кезең;
- 4 кезең — қорытынды кезең;

Әр жұмыс кезеңінде белгілі міндеттер шешіліп, қажет әдістер мен жұмыс формалары қолданылып, жұмыс нәтижелері бағаланды.

Экспериментті жүзеге асыру үшін түрлі ғылыми әдістерді қолдандық. Б.Г. Ананьевтің жіктеуіне сай, барлық зерттеу әдістері ұйымдастырушылық, эмпирикалық, деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістеріне бөлінеді. Барлық әдістердің сипаттамаларына тоқталмай, біз тек біздің эксперимент барысында қолданыс тапқан әдістерге тоқталамыз.

Ұйымдастырушылық әдістер тобынан біз түрлі оқу бағдарламалары негізінде бастауыш мектепте балаларды оқытудың педагогикалық әсерінің тиімділігін зерттеуге мүмкіндік беретін салыстырмалы әдісті қолдандық.

Зерттеудің эмпирикалық әдістері ғылыми фактілерді жинақтаумен байланысты барлық әдістерді қамтиды. Бұл байқаушы (бақылау, өзін-өзі бақылау), диагностикалық, эксперименталды, праксиметрикалық әдістер.

Біздің зерттеуімізде келесі әдістер қолданылды: бақылау, диагностикалық (сауалнама, тесттер), эксперименталды (анықтаушы және қалыптастырушы). Бастауыш мектепте шетел тілін оқытуда балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуды зерттеудің негізгі әдісі — бақылау болды. Бұл фактілерді жинақтауға бағытталған сенсорлық танымның белсенді нысаны; ол нысандар мен құбылыстарды мақсатты және жүйелі қабылдауды қамтиды.

Эксперименталды зерттеу әдістерінен біз анықтаушы және қалыптастырушы экспериментті қолдандық. Педагогикалық эксперименттің басты функциясы педагогикалық әсер ету жүйесінің жекелеген элементтері мен оның нәтижелері арасындағы байланыстар туралы гипотезаны тексеру болып табылады.

Қалыптастырушы эксперимент БТ және ЭТ бастауыш сынып оқушыларының ағылшын тілінде оқыту бағдарламасы және «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тіліндегі жұмыс дәптері» қолдану алдында шетел тілінде коммуникативтік дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау мақсатымен жүзеге асырылды.

Сонымен, жоғарыда айтылып кеткендей, тәжірибелік эксперименттік жұмыс 4 кезеңнен (дайындық кезеңі, анықтаушы, қалыптастырушы және қорытындылау кезеңі) тұрды.

Бірінші дайындық кезеңінде (қаңтар–қыркүйек, 2020) Қарағанды қаласының «Erfolg» ОО ҰМУ-да бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытудың жағдайын бақыладық. Бақылаудың нәтижесінде оқушылар мен ағылшын тілі мұғалімдерінің және ата-аналардың арасында өткізілген сауалнаманың нәтижесінде оқыту барысының біршама кемшіліктері байқалды. Олар:

1. Ағылшын тілі сабағы барысында ұлттық контентке сай келмейтін оқулықтардың қолданылуы.
2. Шетел тілін оқытуда «Үштілділік» қағидасын ұстанбау.
3. Күнделікті өмірде шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолданудың қажетсіздігі. Сонымен қатар, балалардың игерген іскерліктерін, дағдыларын және білімдерін күнделікті тілдесімде қолдана алмауы.
4. Ата-аналардың балалары шетел тілін оқуына деген қызығушылығы зор. Алайда, олар 1 сыныпта шетел тілін оқыту сапасымен қанағаттанбайды.

Екінші кезеңде анықтаушы эксперимент жүзеге асырылды. Аталмыш кезеңнің міндеттерін шешу үшін біз орыс әдіскері А.Н. Утехинаның әдістемесін ескере отырып, ересек топ балаларының шетел тілін оқу нәтижелерін талдауға арналған диагностикалық әдістер мен критерийлерін құрастырдық. Сонымен қатар, балалардың ағылшын тілінен игерген материал көлемін есептеу үшін В.В. Егоров пен Э.Г. Скибицкий ұсынған математикалық-статистикалық формуланы қолдандық:

1. баланың эмоционалды құндылықты дамуының деңгейі (баланың шетел тілін оқуға деген қызығушылығының деңгейін анықтау);
2. балалардың ағылшын тілінен игерген материал көлемін есептеу;

$$K_y = \frac{N_1}{N} \times 100$$

Бұл жерде:

$K_y$  – материалды игеру;

$N_1$  – дұрыс жауап саны;

$N$  – қойылған сұрақ саны.

ЭТ және БТ балаларының эмоционалды құндылықты дамуының деңгейін бағалау үшін балалармен әңгіме жүргізілді. Әңгіме барысында келесі сұрақтар қойылды:

- Қандай оқу іс-әрекетін ұнатасың? Неге?
- Бұл оқу іс-әрекеттерде әдетте не істейсің?
- Ағылшын тілінен оқу іс-әрекетіне қатысқан ұнайды ма? Неге?
- Бұл іс-әрекетте не істегенді ұнатасың?
- Сен ағылшын тілінде сөйлескенді ұнатасың ба? Сенің ұнататын сөздерің бар ма? Қандай?

Әңгімені өткізгеннен кейін келесі нәтижелерге қол жеткіздік: БТ 12 бала ішінен 7 (58, 3%) бала ағылшын тілі оқу іс-әрекетіне қызығушылықпен қатысады, ал 5 бала (41,7 %) ағылшын тіліне қатысқаннан, топта ойнауды таңдады. ЭТ нәтижелері бойынша, 8 бала (66,7 %) қызығушылық білдірсе, 4 бала (33,3 %) қызығушылық білдірмейді.

Эмоционалды құндылықты дамудың деңгейін анықтау бойынша жалпы нәтижелер 4-кестеде берілген.

4 - кесте

**БТ және ЭТ балаларының эмоционалды құндылықты дамудың деңгейін анықтау бойынша жалпы нәтижелер**

БТ	ЭТ
58,3%	66,7%

Келесі міндет В.В. Егоров пен Э.Г. Скибицкий ұсынған математикалық-статистикалық формуланың негізінде балалардың ағылшын тілінен игерген материал көлемін есептеу болды. Бұл міндетке қол жеткізу үшін біз балаларға қағаз бетінде берілген түрлі тапсырмаларды дайындадық. Осы тапсырмалар суретті жалғастыруға, дұрыс жауапты таңдауға, оларды белгілеуге негізделген. Барлық тапсырмалар ойын формасында өткізіледі. Әр дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі.

БТ және ЭТ балаларының материалды меңгеру деңгейі келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылды:

- түсініксіз сөздерді мимикаға, жесттерге, көрнекіліктерге сүйене отырып түсіну;
- тілдесімге түсу, әңгімеге ат салысу (амандасады, өзін атайды, іс-әрекет жасауға ынта білдіреді);
- сұрақтарға жауап беру қабілеті: 1) өзің туралы, 2) досың, отбасың туралы; 3) заттың сыны, сапасы туралы; 4) жануарлар туралы;
- коммуникативтік сөздікті меңгеру деңгейі.

Эксперименттің нәтижесінде БТ 3 бала — 7 ұпай; 2 бала — 5 ұпай; 4 бала — 4 ұпай; 3 бала — 3 ұпай жинады. Топтың орташа көрсеткішін келесі формула бойынша есептейміз.

$$K_y = \frac{N1}{N} \times 100$$

Есептеудің нәтижесі 5-кестеде көрсетілген.

5 - кесте

**Математикалық-статистикалық формуланың негізінде БТ ағылшын тілінен игерген материал көлемін есептеу нәтижесі**

Пайыз көрсеткіші	Бала саны	Топ бойынша орташа көрсеткіш
87,5 %	1 бала	50 %
62,5 %	2 бала	
50 %	4 бала	
37,5 %	5 бала	

ЭТ топтың көрсеткіштері бойынша 6 бала — 7 ұпай; 3 бала — 6 ұпай; 2 бала — 5 ұпай; 1 бала — 4 ұпай жинады. Есептеудің нәтижесі 6 кестеде көрсетілген.

6 - кесте

**Математикалық-статистикалық формуланың негізінде ЭТ ағылшын тілінен игерген материал көлемін есептеу нәтижесі**

Пайыз көрсеткіші	Бала саны	Топ бойынша орташа көрсеткіш
87,5 %	6 бала	77 %
75 %	3 бала	
62,5 %	2 бала	
50 %	1 бала	

Алынған нәтижелер БТ және ЭТ балаларының ағылшын тілінен көрсеткіштері ұқсас және төмен екенін көруге болады. Балалардың көрнекіліктерге, жесттер мен мимикаға сүйене отырып, өтілген тақырыптар бойынша лексиканы жақсы біледі, алайда тілдесімге түсер кезінде қиналып, ұялады.

Анықтаушы эксперименттің нәтижесі бойынша, БТ және ЭТ ағылшын тілінен білім деңгейі төмен және арнайы түзету жұмысын қажет етеді.

Қалыптастырушы эксперимент барысында оқушылар біз ұсынған бағдарламамен оқыды.



Оқытудың соңында балалардың ағылшын тілі бойынша бағдарламаны меңгеру деңгейі қайта тексерілді.

ЭТ және БТ балаларының эмоционалды құндылықты дамуының деңгейін бағалау үшін балалармен әңгіме жүргізілді. Әңгіме барысында қайтадан келесі сұрақтар қойылды:

- Қандай оқу іс-әрекетін ұнатасың? Неге?
- Бұл оқу іс-әрекеттерде әдетте не істейсің?
- Ағылшын тілінен оқу іс-әрекетіне қатысқан ұнайды ма? Неге?
- Бұл іс-әрекетте не істегенді ұнатасың??
- Сен ағылшын тілінде сөйлескенді ұнатасың ба? Сенің ұнататын сөздерің бар ма? Қандай?

Эксперименттің нәтижесі бойынша, БТ 9 баласы (75 %) ағылшын тілі оқу іс-әрекетіне қызығушылықпен қатысатынын айтты. Ал ЭТ 12 баласы да (100 %) ағылшын тілін оқуға қызығушылық танытатынын айтты. Балалардың эмоционалды құндылықты дамуының деңгейін бағалаудың нәтижесі 7-кестеде көрсетілген.

7 - кесте

**Балалардың эмоционалды құндылықты дамуының деңгейін бағалауға өткізілген әңгіменің нәтижесі**

БТ	ЭТ
75%	100%

Эксперименттің басындағы және аяғындағы нәтижелердің салыстырмалы кестесі 8-кестеде көрсетілген.

8 - кесте

**Балалардың эмоционалды құндылықты дамуының деңгейін анықтау бойынша эксперименттің басындағы және аяғындағы нәтижелердің салыстырмалы кестесі**

Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін	
БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
58,3	66,7	75	100

Эксперименттің нәтижесі бойынша, БТ балаларының ағылшын тілін оқуға деген қызығушылығы 16,7 %, ал ЭТ 33,3 % өсті. Бұл «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері» мен бастауыш сынып оқушыларын ағылшын тілінде оқыту бағдарламасының тиімділігін көрсетеді. Эксперименттің жалпы нәтижесі 9-кестеде көрсетілген.

9 - кесте

**БТ және ЭТ балаларының ағылшын тілінен игерген материал көлемін есептеудің жалпы нәтижесі**

ЭТ		БТ	
Бала саны	%	Бала саны	%
10 бала	100	10 бала	70
2 бала	95	2 бала	50
Топ бойынша орташа көрсеткіш	97,5 %		60 %

Экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі нәтиже 10-кестеде көрсетілген.

10 - кесте

**Экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі балалардың ағылшын тілінен игерген материал көлемінің есептеу нәтижесі**

Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін		Өзгеру динамикасы	
БТ	ЭТ	БТ	ЭТ	БТ	ЭТ
%	%	%	%	%	%
50	77	60	97,5	+10	+20,5

Екі топта да оң өзгеріс динамикасы байқалады, алайда ЭТ көрсеткіші БТ көрсеткішінен жоғарырақ (ЭТ көрсеткіші +20,5). Ал БТ өзгеріс нәтижесі +10. Осылайша, ЭТ көрсеткіштері БТ қарағанда 10,7 %-ға артық екенін көріп тұрмыз.

### Қорытынды

Оқушылардың жас, рухани–адамгершілік және психологиялық–педагогикалық ерекшеліктерін ескеретін сапалық цифрлық контентсіз білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдерін оқыту процесі мүмкін емес. Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық және шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін құрылған авторлық оқу кешені олардың білімінің, сондай-ақ тиісті саладағы цифрлық және коммуникативтік дағдыларының өсуін қамтамасыз ете отырып, өзінің тиімділігін дәлелдеді.

Оқу аяқталғаннан кейін оқушылар эксперименттік топ балаларының ағылшын тілін меңгеру деңгейінің сапалық және сандық көрсеткіштерін тұрақты жақсартуға, олардың ағылшын тілін үйренуге деген ынтасын арттыруға және оқу процесінде АКТ қолдану дағдыларындағы оң өзгерістерге қол жеткізді.

Оқушылардың жетістіктерінің қорытынды нәтижелері оқушылардың шетел тілдік білім беру саласында қажетті білім, цифрлық және коммуникативтік құзыреттілікке ие болғандығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, бұл екі топтағы қорытынды бақылаудың оң көрсеткіштерімен расталады. Бірақ ЭТ көрсеткіші БТ көрсеткішінен жоғары (ЭТ көрсеткіші +10,7 %), бұл авторлық оқу кешенінің тиімділігін дәлелдейді. Эксперимент нәтижелері ұсынылған гипотезаны дәлелдеді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Назаров В.Л. Шоковая цифровизация образования: восприятие участников образовательного процесса / В.Л. Назаров, Д.В. Жердев, Н.В. Авербух // Образование и наука. — 2021. — №23 (1). — С. 156–201.
- 2 Об утверждении Государственной программы по реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020–2025 годы. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>
- 3 Ниязова Г.Ж. Цифровая трансформация образования и исследования возможностей создания цифровых учебных контентов / Г.Ж. Ниязова, А.А. Миндетбаева, Ш.А. Марипов // Журн. АПН Казахстана. — 2021. — №. 5. — С. 5–11.
- 4 Sari, A.I. Digital Learning, Smartphone Usage, and Digital Culture in Indonesia Education [Electronic resource] / Suryani, N., Rochsantiningsih, D., and Suharno, S. // Integration of Education. — 2020. — 24(1). — 20-31. — Access mode: <https://pdfs.semanticscholar.org/7feb/e2e3c210534f951bc05f4f9a028fd9b97a37.pdf>
- 5 Chin, W.L. The interactivity of video and collaboration for learning achievement, intrinsic motivation, cognitive load, and behavior patterns in a digital game-based learning environment [Electronic resource] / Chen C.H., and Shih, S. // Computers and Education. — 2019. — 133. — 43–55. — Access mode: <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.01.013>
- 6 Flynn, R.M. A narrative review of methods used to examine digital gaming impacts learning and cognition during middle childhood. [Electronic resource] / Kleinknecht, E., Ricker, A.A., and Blumberg, F.C. // International Journal of Child-Computer Interaction. — 2021. — 30 (100325). — P. 1-13. — Access mode: <https://doi.org/10.1016/j.ijcci.2021.100325> .
- 7 Baryshnikova, O. Digital technologies in foreign language learning. [Electronic resource] / A. Kostenko, S. Voskoboynikov // E3S Web of Conferences. — 2021. — 273 (12144). — 1-8. — Access mode: <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202127312144>
- 8 Скибицкий Э.Г. Организация и технология научного исследования: моногр. / Э.Г. Скибицкий, В.В. Егоров. — Новосибирск: Новосиб. кн. изд-во, 2006. — 426 с.
- 9 Утехина А.Н. Межкультурное образование младших школьников в процессе обучения иностранному языку: моногр. / А. Н. Утехина, Н.Н. Ажмякова. — Ижевск: Изд. дом Удмурт. гос. ун-та, 2004. — 158 с.
- 10 Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» от 12 апреля 2017 г. [https://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya](https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya)
- 11 Государственный общеобязательный стандарт начального образования. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz>

Г.С. Каримова, П.З. Ишанов, А.Ж. Анесова

## Формирование иноязычной коммуникативной компетенции младших школьников посредством цифровых учебных контентов

В статье рассмотрены вопросы цифровой трансформации системы образования и создания качественного цифрового контента для обучения иностранному языку учащихся начальных классов. В контексте цифровой трансформации образования и вынужденного перехода на дистанционную форму обучения в период пандемии COVID-19 авторами данного исследования научно-методически обосновано, что цифровой учебный контент является эффективным средством обучения школьников английскому языку в Республике Казахстан. Основным преимуществом разработанного авторами учебного комплекса является то, что он адаптирован как к формату онлайн, так и оффлайн обучения. Тем не менее, проведенный анализ указывает на количественную и качественную недостаточность цифрового образовательного контента, учитывающего возрастные, психологические, а также духовно-нравственные особенности и культурные ценности казахстанских школьников. Новизна исследования заключается в том, что с научно-теоретической позиции обоснована необходимость создания цифровых учебных контентов в условиях цифровой трансформации образования в РК. Целью исследования является формирование цифровой и иноязычной коммуникативной компетенции младших школьников, уровня эмоционально-ценностного развития ребенка, а также выявление эффективности выработанных интерактивных заданий по английскому языку. Исследование проведено методом психолого-педагогического эксперимента, авторами проанализирован и обобщен эмпирический материал, полученный по итогам тестирования учащихся начальных классов, педагогического наблюдения, а также в процессе непосредственного преподавания английского языка.

*Ключевые слова:* цифровизация образования, трансформация образования, цифровой учебный контент, начальная школа, иностранные языки.

G.S. Karimova, P.Z. Ishanov, A.Zh. Anesova

## Formation of foreign language communicative competence of primary school students by means of digital educational content

The authors investigate the issues of digital transformation of the education system and the creation of high-quality digital content for teaching a foreign language to primary school students. In the context of the digital transformation of education and the forced transition to distance learning during the COVID-19 pandemic, the authors of this study scientifically and methodically proved that digital educational content is an effective means of teaching English to schoolchildren in the Republic of Kazakhstan. The main advantage of the educational complex developed by the authors is that it is adapted to both online and offline learning formats. Nevertheless, our analysis indicates the quantitative and qualitative insufficiency of digital educational content, taking into account the age, psychological, as well as spiritual and moral characteristics and cultural values of Kazakhstani schoolchildren. The novelty of the research lies in the fact that the necessity of creating digital educational content in the conditions of digital transformation of education in the Republic of Kazakhstan is justified from a scientific and theoretical position. The aim of the study is to form the digital and foreign language communicative competence of younger schoolchildren, the level of emotional and value development of the child, as well as to identify the effectiveness of the developed interactive tasks in English. The study was conducted by the method of psychological and pedagogical experiment, the empirical material obtained from the results of testing of primary school students, pedagogical observation, as well as direct teaching of English by the researcher was analyzed and generalized.

*Keywords:* digitalization of education, transformation of education, digital educational content, primary school, foreign languages.

### References

- 1 Nazarov, V.L., Zherdev, D.V. & Averbukh, N.V. (2021). Shokovaia tsifrovizatsiia obrazovaniia: vospriatie uchastnikov obrazovatel'nogo protsessa [Shock digitalization of education: The perception of participants of the educational process]. *Obrazovanie i nauka — Education and science*, 23(1), 156–201 [in Russian].
- 2 Ob utverzhdenii Gosudarstvennoi programmy po realizatsii yazykovoii politiki v Respublike Kazakhstan na 2020–2025 gody [State program for the requirements of the language policy of the Republic of Kazakhstan for 2020–2025]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P19000010453> [in Russian].

- 3 Niiazova, G.Zh., Mindetbaeva, A.A. & Maripov, Sh.A. (2021). Tsifrovaia transformatsiia obrazovaniia i issledovaniia vozmozhnostei sozdaniia tsifrovyykh uchebnykh kontentov [Digital transformation of education and research opportunities for creating digital educational content]. *Zhurnal APN Kazakhstana — Journal Academy of Pedagogical Sciences of Kazakhstan*, 5, 5–11 [in Russian].
- 4 Sari, A.I., Suryani, N., Rochsantiningsih, D. & Suharno, S. (2020). Digital Learning, Smartphone Usage, and Digital Culture in Indonesia Education. *Integration of Education*, 24(1), 20-31. Retrieved from <https://pdfs.semanticscholar.org/7feb/e2e3c210534f951bc05f4f9a028fd9b97a37.pdf>
- 5 Chin, W.L., Chen C.H. & Shih, S. (2019). The interactivity of video and collaboration for learning achievement, intrinsic motivation, cognitive load, and behavior patterns in a digital game-based learning environment. *Computers and Education*, 133, 43–55. Retrieved from <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.01.013>
- 6 Flynn, R.M., Kleinknecht, E., Ricker, A.A. & Blumberg, F.C. (2021). A narrative review of methods used to examine digital gaming impacts learning and cognition during middle childhood. *International Journal of Child-Computer Interaction*, 30 (100325), 1-13. Retrieved from <https://doi.org/10.1016/j.ijcci.2021.100325>.
- 7 Baryshnikova, O., Kostenko, A. & Voskoboynikov, S. (2021). Digital technologies in foreign language learning. *E3S Web of Conferences*, 273 (12144), 1-8. Retrieved from <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202127312144>
- 8 Skibickij, Je.G. & Egorov, V.V. (2006). Organizatsiia tekhnologii nauchnogo issledovaniia [Organization and technology of scientific research]. Novosibirsk: Novosibirskoe knizhnoe izdatelstvo [in Russian].
- 9 Utekhina, A.N. & Azhmjakova, N.N. (2004). Mezhekulturnoe obrazovanie mladshikh shkolnikov v protsesse obuchenii inostrannomu yazyku: monografiia [Intercultural education of younger schoolchildren in the process of learning a foreign language: monograph]. Izhevsk: Izdatelskii dom Udmurtskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 10 Statia Glavy gosudarstva «Vzgliad v budushchee: modernizatsiia obshchestvennogo soznaniia» ot 12 apreliia 2017 goda [Article of the Head of State “A look into the future: modernization of public consciousness” dated April 12 2017] [in Russian].
- 11 Gosudarstvennyi obshcheobiazatelnyi standart nachalnogo obrazovaniia [State universal standards of primary education]. Retrieved from [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=36966825](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36966825) [in Russian].